

Әділет министрлігінде 2000 жылғы 14 шілдеде N 1195 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 439 "Қазақстан Республикасының халқына көрсетілетін медициналық көмектің сапасына талдау және бағалау жүргізу туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 367 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 19 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2282. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2011.12.12 № 890 (қол қойған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 7 -9-1851-03 қарсылық білдіруіне байланысты бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 439 "Қазақстан Республикасының халқына көрсетілетін медициналық көмектің сапасына талдау және бағалау жүргізу туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2000 жылғы 14 шілдеде N 1195 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсету сапасын талдау және бағалау
Е р е ж е с і н д е :

9-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;
көрсетілген Бұйрықпен бекітілген дәрігер-сараптаушының қызметін
ұ й ы м д а с т ы р у Е р е ж е с і н е :

4-тармағының 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр С.Ә. Діқанбаеваға жүктелсін.

3. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

Министр

